

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
20 жылғы « 15 » маусымдағы
№ 476 қаулысымен
бекітілген

Субсидияланатын жұмыс орындарының, субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын адамдарға қойылатын талаптардың, олардың жалақысын субсидиялау мөлшерлері мен мерзімдерінің тізбесі

Р/с №	Субсидияланатын жұмыс орындарының атауы	Сипаттамасы	Субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын адамдарға қойылатын талаптар	Субсидияның бір айдағы мөлшері (экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны ескергенде)	Жалақыны субсидиялау мерзімі
------------------	--	--------------------	---	--	---

1	2	3	4	5	6
1	Қоғамдық жұмыстар	Мансап орталықтары ұйымдастыратын, жұмыскерлердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік пайдалы бағыттағы еңбек қызметінің түрлері	1) жасы: 16 жастан бастап Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін; 2) мына әлеуметтік мәртебелердің бірінің болуы: - жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар; - оқудан бос уақытта студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары; - өндірістің тоқтап тұруына байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар	кемінде 20 айлық есептік көрсеткіш	12 айдан аспайды
2	Әлеуметтік жұмыс орындары	Жұмыс беруші мансап орталығымен шарт негізінде жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін құратын олардың	1) жасы: 16 жастан бастап Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағымен белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін; 2) жұмыссыз ретінде тіркелу	жұмыссыздар үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 35 %-ын құрайды, бірақ 20 айлық есептік	12 айдан аспайды

1	2	3	4	5	6
		жалақысы субсидияланатын арқылы құратын жұмыс орындары		көрсеткіштен аспайды үкіметтік емес ұйымдар құрған әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан мүгедектігі бар адамдар үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 70 %-ын құрайды, бірақ 20 айлық есептік көрсеткіштен аспайды	
3	Жастар практикасы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім	1) жасы: 35 жастан аспауға тиіс; 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша	30 айлық есептік көрсеткіш	12 айдан аспайды

1	2	3	4	5	6
		беру ұйымдарының жұмыссыз түлектері меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жүзеге асыратын еңбек қызметінің түрі	оқу бітіргеннен кейін 5 (бес) жыл ішінде; 3) меңгерген кәсіп (мамандық) бойынша жұмыс тәжірибесінің болмауы; 4) жұмыссыз ретінде тіркелу		
4	«Алғашқы жұмыс орны» жобасының шеңберіндегі жұмыс орындары	Алғаш жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздарға жұмыс орнын және қажетті еңбек дағдыларын беруге бағытталған жоба	1) жасы: 35 жастан аспауға тиіс; 2) жұмыс тәжірибесінің болмауы; 3) жұмыссыз ретінде тіркелу	30 айлық есептік көрсеткіш	18 айдан аспайды
5	«Ұрпақтар келісімшарты» жобасының шеңберіндегі жұмыс орындары	Оқу орындарының жұмыссыз түлектерін өздері алған кәсібі (мамандығы) бойынша немесе ұлттық кәсіптер сыныптауышында қызметтің осы тобына жататын ұқсас кәсіп	1) жасы: 35 жастан аспауға тиіс; 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша оқу бітіргеннен 3 (үш) жыл ішінде;	30 айлық есептік көрсеткіш	6 айдан аспайды

1	2	3	4	5	6
		(мамандық) бойынша жұмысқа орналастырып, кейіннен бағытталған Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған, жұмыс істеп жүрген жұмыскерді алмастыруға жоба	4) жұмыссыз ретінде тіркелу		
6	«Күміс жас» жобасының шеңберіндегі жұмыс орындары	50 жастан асқан жұмыссыздардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған жоба	1) жасы: 50 жастан бастап Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағымен белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін; 2) жұмыссыз ретінде тіркелу	жұмыстың бірінші жылы (1-ші айдан бастап 12-ші айға дейін) үшін жалақының белгіленген мөлшерінің 70%-ын құрайды, бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды,	36 айдан аспайды

1	2	3	4	5	6
				жұмыстың екінші жылы (13-ші айдан бастап 24-ші айға дейін) үшін жалақының белгіленген мөлшерінен 65%-ын құрайды, бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды, жұмыстың үшінші жылы (25-ші айдан бастап 36-ші айға дейін) үшін жалақының белгіленген мөлшерінен 60%-ын құрайды, бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды	
